

**Түркістан облысының білім басқармасы  
Мақтарал аграрлық колледжі**



**БЕКІТЕМІН**  
Колледж директоры  
Н.Ділдабеков

**«Саналы ұрпақ» жобасының  
2018–2020 жылдарға арналған жарғысы**

**Атакент 2018 жыл**

## 1 бөлім. Миссия және стратегия

1.2018-2020 жылдарға арналған «Саналы ұрпақ» жобасының (бұдан әрі – Жоба) *миссиясы*: сыбайлас жемқорлықтан азат колледжде оқитын оқушылардан патриот және бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу.

2.*Жобаның мақсаты* – колледжде сыбайлас жемқорлықты жою, сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру.

3.*Жобаның Стратегиясы* – колледжде озық тәжірибені одан әрі пайдалану, сыбайлас жемқорлық қарсы жүргізілетін жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.

## 2 бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

### 1.*Негізгі жетістіктер.*

Мемлекет басшысы саясатының арқасында Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың түбегейлі жаңа моделін іске асырады. Бұл процесс «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылуда: сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер деңгейінде танытатын және мемлекет пен қоғамға осы жағымсыз құбылысқа қарсы күресте күш-жігерді біріктіруге бағытталған мемлекетіміздің жаңа саяси бағыты, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдаулары, 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, Бес институционалдық реформа және «100 нақты қадам» Ұлт жоспары. Бұл құжаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жүйелік жағдайларын және кез келген көріністеріне қоғамдағы төзімсіздікті қалыптастыруды қарастырады.

Колледж ұстаздары мен студенттердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыс «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын» іске асыру мақсатында жасалған **«Сана сілкінбей, жемқорлық жойылмайды»** жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Әр оқу жылына арналған жаппай құқықтық оқыту жұмыс жоспарына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» тақырыптар енгізілген.

Колледж қызметкерлері қолданыстағы ҚР заңнамаларын күнделікті қызмет бабында дұрыс қолдану үшін және оқушылардың құқықтық білімдерін жетілдіру үшін тұрақты түрде әр айдың екінші дүйсенбісінде арнайы жоспар бойынша құқықтық сабақтар өткізіледі.

Колледжде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мақсатында оқу ғимараттарының барлық фойелерінде арнайы әзірлеген ақпараттық жадынамалар ілінген.

Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес оқушылар жазғы сынақ-емтихан сессияларын және мемлекеттік емтихандарды тапсыру мен дипломдық жобаларды қорғау барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында оқу жылына екі рет колледж көлемінде **«Таза сессия»** атты акция ұйымдастырылады, оқушылар арасында сауалнама жүргізіледі. Сауалнама қорытындысы бойынша колледж ішінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерге жол беру фактілері анықталмады. Акция шеңберінде тақырыптық жиындар өткізілді, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Колледждің «Хабарландыру» тақтасына білім басқармасының сенім телефоны ілінді.

Барлық оқытушылар «Сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне төзбеушілік жағдайын жасау және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы ашық келісімге **«Қосылу актісіне»** қол қойды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру, азаматтарды сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністерімен бірлесе күресудің маңыздылығын насихаттауға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде атқарылуда.

Колледждің бірінші қабатында шағымдар мен ұсыныстарға арналған «**Сенім жәшіктеріне**» түскен мәліметтер арнайы түзілген комиссия мүшелерінің қатысуымен әр айдың 28-жұлдызында ашылады. Түскен өтініштермен тиісті жұмыстар жүргізіледі. Осы уақытқа дейін ұстаздардың үстінен «келеңсіз жағдайларға жол берді» деген мәтінде шағым түспеген.

ҚР “**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы**” Заңының нормалары бұзылуына колледж ұстаздары мен қызметкерлері тарапынан жол берілген жоқ.

## *2.Жоба негіздемесі.*

1) колледж ұжымының (қызметкерлер - \*\*. Оқушылар саны - 779), соның ішінде педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар мен білім алушылар \*\* пайызын құрайды.

2) колледж білім берудің ғана емес, сонымен қатар шәкірттердің рухани және мәдени дамуының факторы болып табылады және нақ осы жастық шақта оқушылардың негізгі өмірлік ұстанымдары мен адами құндылықтар қалыптасады;

3) академиялық адалдық – білім беру сапасын және оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімін қалыптастыратын басты факторлардың бірі;

4) сапалы білім мен дұрыс өмірлік ұстанымдарға ие жастар жастық және есейген шағында да сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетте тұрақтылық танытады.

## *3.Қазіргі таңда колледждегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басымдықтары.*

Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі ерекшелігі – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ерекше назар аудару. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мониторингін жүргізілген сауалнамалар арқылы шығарып отыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау және жою. Сыбайлас жемқорлықтан абсолютті бас тарту ахуалын қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаздар мен оқушыларға білім және тәрбие беру бойынша арнайы шаралар іске асырылуда.

Осындай жүйелі жұмыстардың арқасында жемқорлықтың алдын алу және жемқорлыққа төзімсіздік таныту сияқты игі түсініктер қалыптасады.

Қабылданған шаралардың арқасында сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді.

Жобаны іске асырудың негізгі бағыттары:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет;
- 2) колледждің ашықтығы;
- 3) академиялық адалдық;
- 4) ақпараттық қолдау.

## **3 бөлім. Жобаның объектілері, субъектілері және оны жүзеге асыру мерзімі**

1.Жобаның негізгі міндеттері колледждің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылатын болады.

2.Жобаның мерзімі: 2018-2020 жылдар.

3.Жобаның объектісі: Мақтаарал аграрлық колледжі.

4.Жобаның субъектілері: Колледж оқушылары, оқытушылары және ата-аналар.

#### 4 бөлім. Жобаны басқару

1. Жоба жетекшісі: Колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

2. Жобаны үйлестіру үшін Жобаның жұмыс органы Жоба кеңсесі құрылады. Жоба кеңсесінің міндеті – Жобаны іске асыру, оның мақсаттарына жету, жобалық топтың қызметін үйлестіру және бақылау. Жоба кеңсесі колледж қызметкерлерінен құрылады. Жоба кеңсесінің жетекшісі болып директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тағайындалады.

3. Осы міндеттер бойынша жұмыс тиісті жобалық топпен қамтамасыз етіледі. Жобалық топты үйлестіруді және қолдауды Жоба кеңсесінің басшысы және қызметкерлері жүзеге асырады.

4. Жобаның кеңсесі колледждің 2-қабатында орналасқан. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізудің негізгі мәселелері осы жарғының шеңберінде шешіледі. Бағдарлама Айқындық, Есептілік және Ашықтық қағидаттарына негізделген. Жоба сыбайлас жемқорлық үшін қолайлы жағдайларды болдырмайды. Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жылдамдату мақсатында «Мемлекеттік қызмет көрсету» орталығын ашу жоспарлануда.

5. Колледж директоры Жоба кеңсесінің жетекшісінің есебін тыңдайды, жұмыс жоспарымен және нәтижелерімен танысады, жоспардың орындалу барысын бағалайды және өз ұсыныстарын айтады.

6. Жобаның негізгі мақсаты – колледж ұстаздары мен қызметкерлердің және оқушылардың күш-жігерін біріктіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған шараларды ұйымдастыру және жүргізу.

#### Колледж міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған іс-шараларға ұстаздарды, қызметкерлерді және оқушыларды тарту;
- әлеуметтік сауалнамалар жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің халықаралық-құқықтық тәжірибесіне сүйене отырып жұмыс атқару;

#### 5-бөлім. Жобаның мазмұны

##### 1-бағыт. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет

**Мақсат:** Көпшіліктің сыбайлас жемқорлық белгілерін қабылдамайтын бөлігін ұлғайту

##### Міндеттері:

- 1) Колледждегі барлық субъектілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылығын көтеру
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын өсіру
- 3) Оқушыларды және оқытушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жетекшілеріне айналдыру

*Негізгі проблемаларды талдау.*

Қазіргі қоғам оқушылардың кәсіптік даярлығына білім талаптар қойып отыр. Қалыптасып отырған жағдайда қызметтің алуан түрлерін сыбайлас жемқорлыққа бой алдырмай атқару қажеттігі, тұлғаның өз қызметінің мақсаты мен оның әлеумет үшін салдарын түсінуі өзекті. Бұл білім беру процесінің маңызды мақсаттарының бірі болашақ мамандардың санасына кез келген кәсіптік және жеке міндеттерін шешу кезінде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидатына негізделген ойды сіңіруді білдіреді. Тиісінше, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жағдайында адам қызметінің ерекшелігін ескеретін мәдениеттің ерекше түрін қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Мысалы, 2018 жылғы қаңтар айында жүргізілген «**Мақсат- жемқорлықты жеңу**» атты сауалнаманың қорытынды нәтижесі бойынша колледж оқушыларының басым көпшілігі (96%)- өздері таңдаған мамандықтарына көңілдері толады, мұғалімдердің сабақты түсінікті әрі нақты өтетіндігі қанағатандырады. Оқушылардың (75%) білімдері әділ бағаланып және мұғалімдер тарапынан артық талап қойылмайды деп есептейді. Сыбайластық жемқорлыққа жол берген жағдайлар орын алмаған, сондықтан оқу орнымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмысы қанағаттанарлық дәрежеде жүргізіледі деген қорытынды жасауға болады.

Бұл колледж ұстаздарының санасы ашық, құқықтық сауаттылығы жоғары, жауапкершілігі мықты екендігін аңғартады.

*Шешу жолдары.* Жоба субъектілерімен олардың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттарын көтеру бойынша жүйелі және ауқымды жұмыс жүргізу, жалпы көпшілікте сыбайлас жемқорлықты айыптайтын сана қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты дәріптеу. Жоба субъектілерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жетекшілеріне, өзгерістердің «агенттеріне» айналдыру.

### 3.1-бағыт бойынша негізгі іс-шаралар. «Сыбалас жемқорлыққа қарсы мәдениет»

№	Іс-шаралар атауы	Іске асыру мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1.	Білім алушыларға, оқытушыларға, колледж басшыларына, ата-аналарға жемқорлыққа қарсы білім беру бойынша әзірленген әдістемелік ұсыныстар мен бағдарламаларды тарату, хабардар ету.	Жарық көрген күннен бастап	А.Батырханова, «Саналы ұрпақ» клуб мүшелері
2.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспардағы шараларды жүйелі түрде ұйымдастырылуын қадағалау	Жоспарға сәйкес	Колледж директоры
3.	Елдің барлық білім беру мекемелерінде енгізілетін мұғалімдердің қызметін бағалау жүйесін іске асыру	2019 – 2020 оқу жылы	Колледж әдіскері
4.	Сыбайлас жемқорлық тақырыбында фильмдер, мультфильмдер, әлеуметтік бейнелерді, Vainas, YouTube арналарын және т.б. жасау және тарату.	Жарық көрген күннен бастап	А.Батырханова, «Саналы ұрпақ» клуб мүшелері
5.	Мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қолдаудағы адамдардың санын арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу	Тұрақты	А.Батырханова, «Саналы ұрпақ» клуб мүшелері

### 2-Бағыт. Мөлдір және ашық оқу орны

**Мақсаты:** Қызметі ашықтық пен мөлдірлік қағидаттарына толық сәйкес келетін оқу орындарының қатарына ену

#### Міндеттер:

- 1) Колледждің шешім қабылдаудағы ашықтығы мен мөлдірлігі
- 2) Колледждің бюджетін қалыптастыру мен жұмсаудағы ашықтығы мен мөлдірлігі.

*Негізгі проблемаларды талдау.*

Басқару шешімдерін тұжырымдау мен қабылдау бұрынғыша ең жабық тақырып болып қалып отыр, осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі де жоғары. Сонымен қатар лауазымды тұлғалардың қызмет көрсету кезінде халықпен тікелей байланысы да сыбайлас жемқорлыққа жол ашатындай.

Колледж өз қызметінде көптеген шешімдер қабылдайды. Мысалы, үміткерлерді оқуға қабылдау, білім сапасын бағалау, оқытушыларды жұмысқа қабылдау және олардың арасында сағаттар бөлу, оқудың басқа түріне ауыстыру (сырттай), академиялық демалыс беру және т.б..

Жекедара қабылданған жағдайда шешімдердің әрбіреуінің сыбайлас жемқорлыққа жол ашар алаң болуы мүмкін, өйткені жекелеген тұлғалардың пайдасына орай және сыйақыға қабылдануы мүмкін.

Сыбайластықты төмендететуде әсерлі шараның бірі автоматтандыру болып табылады, өйткені сыбайлас жемқорлық туындауы мүмкін жағдайларды қысқартады, адам фактор мен байланысты болдырмайды.

*Шешу жолдары.* Оқу орнының бизнес-процестеріне талдау жүргізу, олар қабылдайтын барлық шешімдер тізбесін қалыптастыру және оқу орнының әрбір шешімі бойынша мөлдірлікті қамтамасыз ету бойынша мөлдірлікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар тұжырымдау, деректердің ашықтығын және басқа тетіктерді қамтамасыз ету керек. Мысалы, оқушылардан емтихан қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін емтихан алушыны шифрлау арқылы беймәлім етуді енгізу, сондай-ақ оқытушылардың оқыту мен емтихан қабылдау функцияларының арасын ажырату арқылы төмендетуге болады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қолданыстағы ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша шараларды пысықтау және шаралар қолдану қажет.

Ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халықпен есепті кездесулерінің тиімділігін арттыру мақсатында осы кездесулерде міндетті түрде жариялануы тиіс типтік сұрақтардың тізбесі бекітілгеннен кейін, сондай-ақ осы құралды олардың мәртебесі мен түріне қарамастан елдің барлық жоғары оқу орны мен колледждеріне тарату ұсынылатын болады.

### 3.2-бағыт бойынша негізгі іс-шаралар. Мөлдір және ашық оқу орны

№	Іс-шаралар атауы	Іске асыру мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1.	Ұсынысты дамыту: Колледжде қабылданатын әр шешімінің ашықтығын қамтамасыз ету; Колледждегі бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру жолдарын қарастыру	2019-2020 оқу жылы	Колледж директоры
2.	Колледждің сайтын ашу, қажеттілігіне қарай толықтырып отыру	қыркүйек 2018 жыл	Жабдықтау бойынша инженер, бағдарламашы

### 3-Бағыт. Академиялық адалдық.

**Мақсаты:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді ендіру арқылы оқу сапасын арттыру

#### **Міндеттер:**

- 1) Колледжді «баға сатуды» қабылдамайтын орта ретінде қалыптастыру
- 2) Оқушылар арасында білім культуын көтеру
- 3) Колледждің академиялық адалдықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктер бойынша ендірілетін ретингісіне қатысу

*Негізгі проблемаларды талдау.* Колледждегі білімнің даму деңгейін жоғарылату жұмыстары үздіксіз атқарылуда. Кәсіпқор холдинг 2017 жасаған рейтингісі бойынша

Қазақстандағы 328 кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдары арасында Мақтарал аграрлық колледжі 123 орынды иемденген.

Бұл оқу орнымыздағы білімнің сапасын көтеру қажеттігін көрсетеді. Білім сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі академиялық адалдық.

Елдің білім ұйымдарында білім берудің барлық деңгейінде әлі де «баға сату» деген бар, еңбегі сіңірілмеген жоғары баға қою ментальдық деңгейде үйреншікті жағдайға айналып кетті. Алайда, оқу орнымызда академиялық адалдықтың сақталуы бағытындағы шаралар әлі де жүйеленуді талап етеді. Колледж түлектерінің жұмысқа орналасуы 2017-2018 оқу жылында 75 пайызды құрайды.

*Шешу жолдары.* Колледж академиялық адалдықтың элементі болатындай оқушылардың академиялық мәдениетін арттыруға мүдделіліктерін ынталандыратын жағдай құрғаны жөн. Атап айтқанда, академиялық адалдығын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді енгізуін қамтамасыз етуі бойынша жоғарыдан ұсынылатын тәуелсіз рейтинг, ол колледждің оқушыларын да, сол секілді оқытушылар құрамында да академиялық этиканы көтеру бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер мен шараларды қалыптастыру мен институционалдандыруда ықпалды құрал болуға тиіс.

### 3-Бағыт бойынша негізгі іс-шаралар. Академиялық адалдық.

№	Іс-шаралар атауы	Іске асыру мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1.	Академиялық адалдық сақтау ережесімен оқушыларды таныстыру.	Жылдық жоспарға сәйкес	А.Батырханова
2.	Елдің барлық білім беру мекемелеріне оқытушылардың қызметін бағалауға енгізілетін жүйені колледжге енгізу	2019-2020 оқу жылы	Колледж директоры
3.	Оқушылардың академиялық адалдықты сақтауын қадағалау	Тұрақты	Пән оқытушылары

### Бағыт 4. Ақпараттық қолдау

**Мақсаты:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жоспары бойынша атқарылған жұмыстардың барысы туралы ақпарат беру үшін әлеуметтік желілерге немесе БАҚ-на жариялау

#### Міндеттері:

1) Бұқаралық ақпараттық құралдары, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы «кері байланыспен» қамтамасыз ету.

2) Жобаға ата-аналар комитетін, ардагерлер кеңесі мүшелерін, қоғамдық ұйымдарды және колледж ұстаздары мен оқушыларды барынша тарту.

*Негізгі мәселелерді талдау.* Қолданыстағы ақпараттық өріс сыбайлас жемқорлық көріністеріне кедергі жасауға, оны қабылдамауға жеткілікті түрде ықпал етпейді. Қазіргі таңда азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет үлгісін қалыптастыру бойынша жүйелі ақпараттық жұмыс жоқ. Ғаламтор кеңістігі жеткіліксіз қамтылған.

Желілердің ең көп пайдаланушылары жастар болғандықтан, олар әлеуметтік желілердегі жаңалықтарды жиі оқиды, олардың жасы және жағдайды түсінуін ескере отырып, колледждің мамандары атқарылатын шараларға жастарды барынша белсенді қатыстырып, бейнетүсірілімі мен суреттерін арнайы әлеуметтік парақшаларға салып отырады. Бұл жұмыс сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған объективті дүниетаным қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық және имидждік жұмыс – бұл біржолғы науқан емес, бірақ біздің мақсатымыз бен міндеттерге жетуге бағытталған ұйымның күнделікті жұмысының бөлігі, біздің міндетіміз – сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-қимыл шаралары туралы көпшілікті хабардар ету және сол арқылы жемқорлықтың жойылуына деген сенімді нығайту, колледж қызметі туралы оң пікір қалыптастыру.

*Шешімнің жолдары.* Ақпараттық жұмыс жүйелі түрде жасалуы керек. Белсенді оқушылардың арасынан жобаға тікелей ақпараттық алаң жасайтын арнайы «Саналы ұрпақ» клубы құрылуы тиіс. Жетекшісі ретінде құқықтану пән мұғалімі бекітілгені жөн. Олар колледжде осы бағыт бойынша өткізілетін жұмыстарға қолдау көрсетіп, жастар арасында дұрыс ақпарат таратып, атқарылатын шараларды өздерінің әлеуметтік парақшаларына салып жүреді. Әлеуметтік желілерге колледж қызметі туралы түскен ақпаратты бақылайтын директор орынбасарлары.

### 3.Бағыттар бойынша негізгі шаралар 4. Ақпараттық қолдау

№	Іс-шаралардың атауы	Жүзеге асыру мерзімі	Жауаптылар
1	«Саналы ұрпақ» клубын құру.	қыркүйек 2018 жыл	А.Батырханова
3	Колледждің сайты ашу.	Қыркүйек, 2018 жыл	Жабдықтау бойынша инженер, бағдарламашы
6	Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылып жатқан жұмысы туралы жарияланатын ақпаратты үздіксіз бақылау.	Жылдық жоспарға сәйкес	А.Батырханова

#### 6 бөлім. Жобадан күтілетін нәтижелер

- Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдайтын және білім беру жүйесі арқылы сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін жастардың үлесін арттыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді іске асыруды үйретудің сапасын арттыру.